

**Глубокое ауданының Глубокое, Белоусовка кенттерінің аумағында жолаушылар мен багажды кенттік қатынаста автомобильмен тұрақты тасымалдауға бірыңғай тариф белгілеу туралы**

Шығыс Қазақстан облысы Глубокое аудандық әкімдігінің 2024 жылғы 25 желтоқсандағы № 608 қаулысы

Қазақстан Республикасының "Автомобиль көлігі туралы" Заңының 19-бабына, сәйкес, Глубокое ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Глубокое ауданының Глубокое, Белоусовка кенттерінің аумағында жолаушылар мен багажды кенттік қатынаста автомобильмен тұрақты тасымалдауға барлық маршруттар үшін жолаушының бір сапарына бірыңғай тариф 100 (жүз) теңге мөлшерінде белгіленсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Глубокое ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Глубокое ауданының әкімі*

*Э. Тумашинов*

**КЕЛІСІЛДІ:**

*Аудандық мәслихат  
төрағасы*

*А. Калигожин*